



Т. Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп
2020-2021 оқу жылындағы атқарылған тәрбиелік шаралардың мазмұнына
талдау-есеп

Т. Жүргенов атындағы ЖОББМ-де «Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы» жалпы республикалық ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа жалпы 163 ата-ана қатысты. 1-11 класс жетекшілері ата-аналарға қашықтан оқыту процесі санитарлық –эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың (бұдан әрі - СанЕЖН) талаптарын және оқу уақытын ұтымды пайдалануды ескере отырып, оқу синхронды және асинхронды форматта өткізілетіні туралы және коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде 2020-2021 оқу жылындағы 2-11 сыныптарында бағалау Қағидасына өзгерістер енгізілгені туралы жан-жақты айтып, ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.




Қазақстан Республикасының Конституциясы күні – біздің еліміз үшін маңызды мерекелердің бірі. Осы мереке қарсаңында «Ата Заңым – алтын қазынам» онлайн жыр оқу эстафетасына қатысқан 7 «А» класс оқушылары. «Ата Заңым- алтын қазынам» онлайн жыр оқу эстафетасына қатысушы 6 «А» класс оқушысы Хамитова Әйгерім. Жаңа 2020-2021 оқу жылында карантиндік шаралар жағдайында білім алушыларды оқыту форматтарымен таныстыру мақсатында «Мен жаңа оқу жылында 1-11 кластар аралығында жалпы республикалық бірыңғай сынып сағаттары өтті ». Жалпы мектеп бойынша синхронды форматта өткізілген сынып сағаттарына 252 оқушы қатысты. Дәл сол уақытта белгілі себептермен қатыспаған оқушыларға сынып жетекшілері асинхронды форматта түсіндіру жұмыстарын жүргізді. " Ата Заңым- азат елдің айбары" сурет байқауы. 3" А" класс оқушысы Аманкелді Аңсар қатысты.





"Ата Заң- егемендіктің негізі , елдігіміздің еңсесі" тақырыбында ақпарат дайындап, әлеуметтік желіге материалдар жариялаушы 11 класс оқушысы Муттахайқызы Ақсая Класс жетекшісі: Ермаханова Н.М. Мектебіміздің дене шынықтыру мұғалімі Матенов Жайдарлы Жарылқасынұлы Республикалық"Үздік педагог"конкурсына қатысып, облыс әкімдігінің "Дене шынықтыру пәнінің үздік мұғалімі" (100 мың) сертификатымен және Алғыс хатымен марапатталды. Өріптесімізді шын жүректен құттықтай отырып, еңбегіне мол жеміс тілейміз!




2020-2021 оқу жылының 1 қыркүйек Білім күніне арналған сынып сағаттары өз мәнінде өткізілді. Кезекші топтарда оқитын сыныптарда сынып сағаттары қатаң түрде санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілді. 5-11 сыныптарда сынып сағаттары қашықтықтан қолжетімді құрылғылар мен байланыс құралдары арқылы ұйымдастырылды.



✓Ата-аналарға жадынама ✓Қауіп-қатер жөнінде балалардың естеріне салу – ата-ананың міндеті: балаларыңызға 6 «ЖОҚ» туралы сендіріңіз. Фотоны жылжытыңыз. Мектеп психологы: Б.А. Дабылова




Кибербуллинг – адамды интернетте, мысалы әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалау. Кез келген адамның кибербуллинге ұшырауы мүмкін екені есінде болсын. Егер де сенімен бұндай жағдай орын алып жатса, ол сенің кінәң емес. Дегенмен саған онлайн қауіпсіздігін сақтау қажет. Және көмек сұраудан қорықпа, бұл – әлсіздік емес. Ата-анаңа, класс жетекшіңе, мектеп психолгытарына хабарласып жағдайыңды айтуға болады. Олар саған міндетті түрде көмектеседі. Мектеп психологы : Г.К.Туребекова.



Бүгін 11 қыркүйек күні Т.ЖҮРГЕНОВ атындағы ЖОББМ- де 2020-2021 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері мен өзгерістерін хабардар ету үшін жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа мектеп директоры: Б.Д.Сейлханов және мектеп әкімшілігі қатысты.



17 қыркүйек күні " ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ БАЛАҒА ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУГЕ БОЛАДЫ?" тақырыбында бірыңғай жалпыреспубликалық ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: қашықтан оқыту форматында балаларды оқытудың ерекшеліктері туралы ақпараттандыру. Ата-аналар жиналысында мектеп жұмыс жасап отырған білім ленд платформасы туралы және оқыту форматтары туралы айтылды. Сонымен қатар балаларды ынталандыруға және жауапкершілігін арттыруға ,оқушының оқу күнін ұйымдастыруға бірлескен түрде жұмыстану керек екені жеткілікті түрде талқыланып, ата-аналарға кеңес берілді.



Қыркүйектің 22 күні ДТҰЖО-ның ұйымдастыруымен 1-11 класс жетекшілер арасында ZOOM платформасы арқылы кеңес өтті. Кеңес барысында тәрбие жұмысының биылғы оқу жылындағы жаңа жоспарымен таныстырылып, қашықтан оқыту кезінде оқушылардың интернет желісін тиімді пайдалану, (балалардың интернеттегі қауіпсіздігі мәселесі) оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарын жандандыру, ата-аналардың бала тәрбиесіне жауаптылығын арттыру мәселелері туралы айтылды.





Сонымен қатар тәрбие сағаттарында пайдаланып, ата-аналарға таратылуы үшін балаларға арналған "Қауіпсіз интернет" жадынамасы таратылды.

24 қыркүйек күні Т.ЖҮРГЕНОВ атындағы ЖОББМ-де 10 сынып оқушыларымен аудандық прокурдың аға көмекшісі Т.Ж.Саринмен және аудандық АІБ КТІЖ УПИ полиция мойоры М.Бодықовпен "Есірткі, психотропты немесе сол тектес заттардың зияны туралы" тақырыпта кездесу өткізілді. Мақсаты: зиянды заттарды қолданудың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау жұмысы өткізілді.



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-де 25 қыркүйек күні психикалық денсаулық туралы, өзінің психологиялық – эмоциялық жай-күйін қалай жақсартуға және төзімділігін арттыру мақсатында мектеп психологтары: Б.А. Дабылова, Г.К. Туребекова және мектеп медбикесі М.Ш. Байгожинаның ұйымдастырумен «Психикалық денсаулықты қалыптасыру» тақырыбында 2-3 класс ата-аналарымен онлайн (ZOOM желісінде) кездесу өтті. Ата-аналар осы тақырып бойынша ақпарат алып, өз ойларымен бөлісті.



Мектептің әлеуметтік педагогы Б.А.Соткарованың ұйымдастыруымен Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де БАЛАЛАР ӨКІЛДІКТЕРІН ҚҰРУ ТӘРТІБІ туралы ZOOM платформасы арқылы үміткерлерге түсіндіріліп, сұрақтар қойылды. Балалар өкілдіктерін құру тәртібі

□Балалар өкілдіктері барлық білім беру ұйымдарында неғұрлым белсенді және жауапты балалар, балалары өкілдігі мүшелерінің арасынан сайлау жолымен қалыптастырылады. Білім беру ұйымының Балалар өкілдігі мүшелерінің саны дербес айқындалады.

□Балалар өкілдіктерінің құрамын қалыптастыру:

1-30 қыркүйек аралығында білім беру ұйымдарында. Балалар өкілдіктерінің құрамына қатысушы – кандидаттар туралы ақпарат, сондай-ақ олар ұсынған бағдарламалық тезистер мен әлеуметтік бастамалар Білім беру ұйымының сайтында не (немесе) олардың әлеуметтік желілердегі ресми беттерінде жариялануы тиіс. Сайлау білім беру ұйымдарының ұжымдарында дауыс беру арқылы өтеді. Балалар өкілдіктеріне үміткер 11 сынып оқушысы Муттахайқызы Ақсая мен 10 сынып оқушысы Махай Шәкәрім қатысты.



Т.ЖҮРГЕНОВ атындағы ЖОББМ- де " Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі балалар өкілдіктерінің жұмысы бойынша Ережесін бекіту туралы " 2020 жылғы 25 тамыздағы N 57 н бұйрығы негізінде балалар өкілдіктерін сайлау жұмысы ұйымдастырылды.

Балалар өкілдіктеріне қатысқан оқушыларға әлеуметтік желіде дауыс берілді. Нәтижесінде ең жоғары ұпай алған 10 сынып оқушысы Махай Шәкәрім Талғатұлы ауданға ұсынылды.



Ата - әулеттің тірегі, Әже - ұрпақтың жүрегі. Қарт дегеніміз - ағып жатқан дария, теңіз іспеттес. Теңіздің тұнығы мен тереңдігі қандай болса, қарияларымыздың да білетіні сондай терең. Қариялар халқымыздың өткені мен бүгіні, тұнып жатқан тарихымыз «Қарттары бар елдің қазынасы бар» деген аталы сөз осыдан қалса керекті. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Қарттарымыз бағасыз байлық, төрімізде отыруының өзі бір бақыт...



Мектебіміздің 10 сынып оқушылары. 1 ҚАЗАН ҚАРТТАР КҮНІНЕ ОРАЙ үлкен ата-әжелерімізге көмектесіп, құттықтап, сыйлықтарын ұсынып, ақ баталарын алып қайтты. Сынып жетекшісі: ТАКЕЕВА Г.Т.



1 Қазан – Халықаралық қарттар күні. Қымбатты да, ардақты АТА-ӘЖЕЛЕР!!! Бүгінгі мерекелеріңізбен Т.ЖҮРГЕНОВ атындағы ЖОББМ-нің 6"А" класс оқушылары шын жүректен құттықтап, жүрекжарды жыр жолдарын арнайды.

1 Қазан – Халықаралық қарттар күні мен ұстаздар күні қарсаңында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің ұжымы зейнеткерлерлікке шыққан әріптестерін кәсіподақ атынан құттықтады.

Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар!

Шәкіртке шындай биік алыпсыздар.

Жан біткен жанарына нұр сыйлаған,

Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.

Иә, Ұстаз бейнесі - шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі.



Ұстаздың лаулаған жалыны - әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі... 5 ҚАЗАН ҰСТАЗДАР КҮНІНЕ орай ұйымдастырылған мерекелік онлайн құттықтауын Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінің 3 "А" сынып оқушылары ұстаздарына балалық жүректен жарып шыққан жыр жолдарымен жеткізді.

Мен өзім шәкірт емес балаңдаймын.

Көре алмасам сізді іздеп алаңдаймын.



Жаһанды жаяу жүріп араласам,

Сіздей жанды ешқашан таба алмаймын.


МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН АЯУЛЫ ҰСТАЗДАР!!! Сынып жетекшісі: Боранбаева М.Қ.



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-де 9 қазан күні «Психикалық денсаулығымыз туралы сөйлесейік» тақырыбында 10 қазан Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай 8-10 класс оқушыларымен және ата-аналарымен «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы» туралы онлайн кездесуде ақпараттық білім берілді. Онлайн кездесуді мектеп психологтары: Б.А.Дабылова мен Г.К.Туребекова ұйымдастырды.



Мектеп кітапханасына жаңадан келген көркем әдебиетке шолу.
Кітапханашылар : Алмаханова Л.Р Мұханбетова А.



Қазіргі жасөспірімдер тәрбиесінде жүректі ізгілендіру, жүректі нұрландыру, жан- жағына мейіріммен қарау, қамқорлық көрсету секілді ізгі қасиеттерді үнемі санасына кұйып, жақсылық жасауға баулып жүрген Т.Жүргенов ЖОББМ ұстаздары " Қамқорлық " акция аясында да қарап қалмады. 10, 9 сынып оқушылары жалғыз басты қарияларға көмек қолдарын созып, алғыс, баталарын алып қайтты.

9"А" сынып жетекшісі: САМАЛҰЛЫ Р. 9"Ә" сынып жетекшісі: ОЛЖАБАЕВА Г.М. 10 сынып жетекшісі: ТАКЕЕВА Г.Т.




Әрбір бала бақытты болуға лайық. Балаға бақыт сыйлау, қамқорлық көрсету барша адамзаттың парызы. "Қуантсаң, баланы қуант- ақылына сәуле түссін"- дегендей Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің мектеп әкімшілігі мен ер азаматтарының демеушілігімен балаларға жеміс- жидектер мен тәттілер таратылды.




Алтын күз мерекесіне орай кезекші сыныпта оқитын 1- 2 сыныптар аралығында ұйымдастырылған "ДАЛАДА КҮЗ, ШЫНЫҒАМЫЗ БІЗ" спорттық сайыс.



20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне орай " БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ БІРГЕ ҚОРҒАЙЫҚ!" тақырыбындағы онлайн- диалог өтті.



"КҮЗ ТАМАША, БІЗ ЖАҢАША!!!" 5-7 сынып аралығында ұйымдастырылған сән үлгісі байқауы. АЛТЫН КҮЗ 🍁🍂 мерекесіне орай 3-4 сыныптар арасында ұйымдастырылған "КҮЗДІҢ КӨРКЕМ КӨРІНІСІ" қолөнер бұйымдары. Мерекесіне 8-9 сыныптар арасында ұйымдастырылған "КҮЗДІ МЕН ДЕ ЖАҚСЫ КӨРЕМ МҰҢЫ ҮШІН, ЖАПЫРАҚТЫҢ ЖАНҒА БІТКЕН ЖЫРЫ ҮШІН" атты жыр эстафетасы.



20 қараша ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН " БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - АДАМ ҚҰҚЫҒЫ АТТЫ мектепшілік айлық жоспар аясында " БАҚЫТТЫ БАЛА- БАҚЫТТЫ АНА- БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ - БАҚЫТТЫ ЕЛ" тақырыбында жалпы мектепшілік ата- аналар жиналысы өтті.

Жиналысқа мектеп директоры: Б.Д.Сейлханов және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы , мектебіміздің қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары


Ш.Т.Жусупов қатысты. Жиналыстың мақсаты: Орта білім ұйымдарын қамтамасыз етуге бөлінген қаржы туралы есеп беру және бала құқытарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекет жүзеге асыратын шаралар туралы ақпараттандыру; Өткізу форматы: қашықтан. Ата-аналарға сілтемелер алдын-ала жіберілді.



5 қараша күні Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де жоспарланған "ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ- КҮЗГІ ИНТЕРАКТИВ" тақырыбындағы күзгі каникул кезіндегі іс- шара аясында "АСАР" челенджи бойынша еріктілер тобы 9"Б" сынып оқушылары сынып жетекшісі: А.Д.Бақтыбаевамен жалғызбасты анаға қол ұшын беріп, ауласын тазалап, көмектесіп қайтты.



5 қараша күні Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ психологтары: Б.А. Дабылова мен Г.К.Турекбекованың ұйымдастыруымен 1,5 класс оқушыларының ата-аналарымен онлайн кездесу өтті. Мақсаты: 1,5 класс оқушыларының бейімделу ерекшеліктерімен таныстыру. Кездесу барысында ата-аналармен еркін әңгіме жүргізіліп, бейімделуге байланысты ұсыныс, кеңестер айтылды.



Күзгі каникул кезінде оқушылардың демалысын, бос уақытын тиімді пайдалану үшін мектеп кітапханашысы А.Мұхамбетова ZOOM платформасы арқылы оқушылармен "КІТАПТАР ӘЛЕМІНДЕ" тақырыбында интеллектуалды ойын өткізді.



Кітап - адам баласының ақыл ойынан туған рухани байлықты сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал.

Ол - адамзат жасаған ең ұлы кереметтердің бірі. Халқымыз кітапты еса құрметтейді. Сондықтан да «кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» дей келе мен сіздерге интеллектуалдық ойынымыздың бірінші сұрағын оқимын.





09 қараша күні Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де күзгі каникул кезіндегі оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін, сурет салуға бейім оқушыларды баулып жүрген мектеп безендірушісі: Серимов Ж.Б ұйымдастыруымен "ҚАЗАҚСТАН- МЕНІҢ ОТАНЫМ" атты оқушылар суреттерінің көрмесі өтті.





20 қараша ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ ОРАЙ жоспарланған "БАЛА ҚҰҚЫҒЫ- АДАМ ҚҰҚЫҒЫ " атты айлық жоспар аясында " БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ БІРГЕ ҚОРҒАЙЫҚ!" тақырыбында 6-7 сыныптар арасында шығарма байқауы өтті.




" Қазақстан балалары-күзгі интерактив " тақырыбындағы күзгі каникул кезіндегі жоспарланған іс- шаралар аясында " Дарындылар әлемі" атты онлайн байқау өтті. Ұйымдастырушы музыка пәнінің мұғалімі ТАКЕЕВА Г.Т Сандибекова Айару . 1"А" класс оқушысы. Әні: "Оқуда озат боламын " Еркебұланұлы Нұрислам



4 "А" класс оқушысы. Әні: "Батырлар ұраны". Мұқамбетқалиева Нармин. 3 "Б" класс оқушысы Қазақ биі. Нұрабай Нұрым 2 Ә сынып. Уралова Айсұлу 2 кл. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де " Қазақстан балалары-күзгі интерактив " тақырыбындағы күзгі каникул кезіндегі жоспарланған іс-шаралар аясында " Дарындылар әлемі" атты онлайн байқау өтті. Ұйымдастырған " КӨРКЕМ" домбыра үйірмесінің жетекшісі: ПРМАГАНБЕТОВА А.




20 қараша ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ ОРАЙ жоспарланған" БАЛА-ҚҰҚЫҒЫ- АДАМ ҚҰҚЫҒЫ " айлық жоспар аясында " ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ" атты онлайн сұхбат өтті. Сұхбат балалар өкілдіктерінің мүшесі МАХАЙ ШӘКӘРІММЕН 9-10 сынып оқушылары арасында жүргізілді.



11 қараша күні Т.Жүргенов ат. ЖОББМ-нің ұстаздарымен «Эмоционалды «жану» синдромының алдын алу» тақырыбында мектеп психологтары онлайн-кездесу өткізді. Кездесу барысында ЭЖС туралы ақпарат беріліп, жаттығулар жүргізілді.

12 қараша күні Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де жоспарланған "ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ-КҮЗГІ ИНТЕРАКТИВ" тақырыбындағы күзгі каникул кезіндегі іс-шара аясында " ЖІГЕР" бірлестігінің жетекшісі АХМЕТОВ М ауданнан шыққан танымал спортшылармен " БІЗ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫЗ" онлайн кездесу өткізді.




12 қараша күні Т.Жүргенов ат. ЖОББМ-де 20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында 5 класс оқушыларымен онлайн тренинг өтті.


Оқушылар тренингке қызығушылық танытып, белсенді қатысты.



13 қараша күні Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де жоспарланған "ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ- КҮЗГІ ИНТЕРАКТИВ" тақырыбындағы күзгі каникул кезіндегі іс- шара аясында "ОТБАСЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНА" оқушылар колөнерінің көрмесі өтті. Көрме ұйымдастырушы үйірме жетекшілері: ОЛЖАБАЕВА Г.М. ЖАҚСЫБАЕВА Г. РАХМЕТОВА Н.Т.




27 қараша күні «Интернет желісіндегі балалардың қауіпсіздігі», «Кибербуллинг. Не істеу қажет?» , "Мектеп және мектептен тыс ортадағы зорлық-зомбылықтың алдын алу" тақырыбында ата-аналармен онлайн кездесу өтті. Кездесуде ғаламтор желісінде қауіпсіз жұмыс жасауды ұйымдастыру жөнінде ата-аналарға мәлімет және кеңестер берілді. Ата-аналарға зорлық-зомбылықтың түрлері таныстырылып, олардың белгілері мен себептері айтылды. Мектеп психологтары: Дабылова Б.А., Туребекова Г.К .






Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де 2"Ә" , 5"А", 8"Ә" сыныптарынан құрылған "ШАҢЫРАҚ" қауымдастығы 1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арналған . "ЕЛБАСЫ - ЕЛДІҢ ТҮТҚАСЫ" тақырыбында ZOOM платформасы арқылы онлайн түрінде дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: Елбасының сан қырлы талант иесі,құдіретті тұлға екенін таныту. " ЕЛБАСЫ- ЕЛДІҢ ТҮТҚАСЫ " дөңгелек үстел барысында 8 сынып оқушылары ұйымдастырылған.


Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де 7- 11 желтоқсан аралығындағы "Өрт қауіпсіздігі" апталығының аясында 1 сыныптар арасында өткен " Өрт тілсіз жау" сурет байқауы.






Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де 16 желтоқсан – ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздіктің 29 жылдығына орай жоспарланған "ТӘУЕЛСІЗДІК - КИЕЛІ ҰҒЫМ" атты апталық аясында жыл сайын мектебімізде кең көлемде аталып өтілетін ұлы мерекемізге шолу жасадық. Азат елде өмір сүріп келе жатқан әрбір жас ұрпақ Тәуелсіздікпен мақтанып,күрмет тұтатыны ақиқат. Соның бір дәлелі ретінде назарларыңызға" "ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕЛІМНІҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ" бейне роликті ұсынамыз.






Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де 7- 11 желтоқсан аралығындағы "Өрт қауіпсіздігі" апталығының аясында 1 сынып оқушыларына Әйтеке би ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы азаматтық қорғау капитаны Турганов Қуаныш Шамшатович төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында "Қауіпсіз балалық шақ" тақырыбында оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.




7-11 желтоқсан аралығындағы "Өрт қауіпсіздігі" апталығы аясында 6 "А" сыныбында "Өрт қауіпсіздігі" тақырыбында викториналық ойын ұйымдастырылды. Мақсаты: өрттің алдын алып, одан әрдайым сақтанып жүру. Ойын басында Әйтеке би ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы азаматтық қорғау капитаны Турганов Қуаныш Шамшатович өрт қауіпсіздігін сақтау мен оның алдын алу жөнінде балаларды ақпараттандырып өтті.



10 желтоқсан күні Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де 16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 29 жылдығына орай жоспарланған "ТӘУЕЛСІЗДІК - КИЕЛІ ҰҒЫМ" атты апталық аясында "ТӘУЕЛСІЗДІК- ЕЛ БАҚЫТЫ" тақырыбында тарихи сағаттар өткізілді. Тарихи сағаттар барысында 1-2 сынып оқушылары мектеп кітапханасына саяхат жасап, мектеп кітапханашыларынан маңызды мағлұматтар алды.



11 желтоқсан күні Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де 16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 29 жылдығына орай жоспарланған "ТӘУЕЛСІЗДІК - КИЕЛІ ҰҒЫМ" атты апталық аясында 3-4 сыныптар арасында " БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН!" атауымен патриоттық әндер челеңді өтті.




"Тәңір сыйы - Тәуелсіздік" мерекелік концерт. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де 16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 29 жылдығына орай жоспарланған "ТӘУЕЛСІЗДІК - КИЕЛІ ҰҒЫМ" апталық аясында 5

сынып оқушыларын Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсімі онлайн түрде ZOOM платформасы арқылы өтті.



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де 16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 29 жылдығына орай жоспарланған "ТӘУЕЛСІЗДІК - КИЕЛІ ҰҒЫМ" апталық аясында 6 "Б" сыныбында ZOOM платформасы арқылы тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Уразбекова Ф.О



16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 29 жылдығына орай жоспарланған "ТӘУЕЛСІЗДІК - КИЕЛІ ҰҒЫМ" апталық аясында 7 сыныптар арасында зияткерлік сайыс өтті.





Әйелдерге қатысты әр түрлі дискриминация түрлерін жою туралы Конвенцияға сәйкес Т.ЖҮРГЕНОВ атындағы ЖОББМ- де әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн акциясы аясында дөңгелек үстел өткізіл




Дөңгелек үстел барысында әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық – қазіргі таңдағы ең жойқын адам құқығы бұзылуының бірі екені, зорлыққа жол бермеуіміз керек екені , бұл денсаулық пен өмірге қауіпті мәселе гендерлік теңсіздік, билікті теріс мақсатта пайдалану және жағымсыз нормалардан бастау алатындығы туралы айтылды. Зорлық-зомбылық әйелдердің қоғамдық өмірге араласуына да кедергі келтіреді.

"Қазақстан балалары – қысқы ғажайып!" қысқы каникул кезінде балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жоспары жасалды. Мақсаты: қысқы демалыс кезеңінде балалардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру арқылы, олардың шығармашылық, спорттық, көшбасшылық қабілеттерінің қалыптасып, дамуына ықпал ету. 31 желтоқсан мен 10 қаңтар аралығын қамтиды. "Қазақстан балалары - қысқы ғажайып!" жоспары аясында Т.ЖҮРГЕНОВ атындағы ЖОББМ- де 29.12.2020 күні 5 б сынып оқушыларымен Әйтеке би ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау капитаны Руслан Асылбекұлы онлайн кездесіп, сұхбаттасты.





"Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!" жоспар аясында МАД тобының "Қысқы ертегі", "Аяз ата", "Өз қолдарыңмен ашық хат" балалар суретінің байқауы. 0"Б" МАД тобының мұғалімі: Еримбетова Г.






Тарихи оқиғалар, естеліктер, құндылықтар өмірімізге мейірімділік пен махаббат, жауапкершілік пен сенімділік деген түсініктерді қалыптастырады. «Отан отбасынан басталады» деген мақал бәрімізге мәлім. Әр отбасыда ұрпақтан ұрпаққа қалдырылған заттар бар шығар. Отбасылық реликвияларды сақтай отыра, бұның материалдық жағдайы жағынан емес, тарихи рухани жағынан нақты құнды екеніне көңіл бөлмейміз. Осы мақсатта "Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!" жоспар аясында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-де 7 сыныптар арасында «Біздің отбасылық жәдігерлеріміз» атты онлайн көрме өткізілуде.






Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ "Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!" жобасы аясында 4 сынып оқушыларының әзірлеген "Біздің отбасымыздағы жаңа жыл" фото жобасы.



1- 4 сыныптар арасында ұйымдастырылған "ҚАШЫҚТЫҚТАН БИ МАРАФОНЫ". Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-де "Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!" жоба аясында 1- 4 сыныптар арасында ұйымдастырылған "ҚАШЫҚТЫҚТАН БИ МАРАФОНЫ" өткізілді.



" Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!" жоба аясында балалардың қысқы каникул кезіндегі демалысын, бос уақыттарын, тиімді ұйымдастыру мақсатында " Таланттылар әлемі" тақырыбындағы онлайн күй тартысы.



" Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!" жоба аясында балалардың қысқы каникул кезіндегі демалысын, бос уақыттарын, тиімді өткізуін ұйымдастыру мақсатында балалар қолөнерінің онлайн көрмесі, ата- аналардың "Отбасылық шеберхана" мастер- класы өткізілді. Ұйымдастырушы:" Өнер" бірлестігі.




" Қазақстан балалары-қысқы ғажайып!" жоба аясында балалардың қысқы каникул кезіндегі демалысын, бос уақыттарын, тиімді ұйымдастыру мақсатында шығармашылық жұмыстар жүргізілді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және мектеп жасындағы қыз балалардың арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында іс- шаралар жүргізілді.

Директордың тәрбие ісінің орынбасары мектеп медбикесімен бірге 11 сынып оқушылары үшін «Ерте жыныстық қатынас пен жүктіліктің алдын алу» атты семинар өткізді. Семинардың мақсаты - ерте жыныстық қатынас пен жүктіліктің алдын алудың жолдары және оның қандай қауіпі бар екені туралы мектеп медбикесімен ашық әңгіме жүргізу; Қыздар пікірлерін ашық айтып, сұрақтар қойып, талқылауға белсене қатысты. Сондай- ақ мектеп психологтары "Ерте жыныстық қатынас пен жүктілік" атты дөңгелек үстел өткізді.



Қыздармен сырласып, әңгіме сұхбат жүргізіп, кеңес берді. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында бейнеролик көрсетті. Сонымен қатар 10 сынып қыздарымен сынып жетекшісі ТАКЕЕВА Г.Т онлайн сұхбаттасып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



" Қауіпсіз мектеп автобусы" акция аясында 5 сыныптар аралығында "Жарқын бол!" тақырыбында онлайн сынып сағаттары өтті.



"Қауіпсіз мектеп автобусы" акция аясында 7"А" сыныбына сынып жетекшісі: БЕГИМБАЕВА ГУЛЬНАРА РАКЫМЖАНКЫЗЫ "ЖОЛ ТӘРТІБІН САҚТАЙМЫЗ!" тақырыбында бейнеролик көрсетіп , ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



4 сыныптар арасында "Қауіпсіз мектеп автобусы " жоспар аясында "Жол тәртібіне назар аудар!" тақырыбында суреттер байқауы өтті.



"Қауіпсіз мектеп автобусы " акция аясында Т.ЖҮРГЕНОВ атындағы ЖОББМ- де 3 сынып оқушылары "ЖАЯУ ЖҮРГІНШІГЕ- 7 ЕРЕЖЕ" челенджін ұсынады.




Тренинг сабақта отбасы құндылықтары туралы видеоролик көрсетіліп, жаттығулар жүргізіліп, кері байланыс жасалды. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ Құқық бұзушылықтың алдын алу жылдық жоспарға сәйкес ақпан айында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында *«Құқықтық сауаттылық – заман талабы»* тақырыбында 9 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, сараптама жасалды.



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітапханаға кітап сыйла" акциясына өз үлесімізді қосайық. Ұйымдастырушылар: Т.Жүргенов ЖОББ мектебінің кітапханашылары. Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Тағдырыма әсер еткен кітап" челленджі(Т Жүргенов ЖОББ мектеп ұстаздарының қатысуымен) ұйымдастырушылар мектеп кітапханашылары.



1 сынып оқушылары арасында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жоспарланған Мемлекеттік рәміздерге арналған "Мемлекетіміздің биік мәртебесі- мемлекеттік туы, елтаңбасы, әнұраны" атты мәнерлеп оқу байқауы өтті.



Даярлық сыныбының мұғалімі Ақдаулетова Айна Жонысқызы

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жоспарланған Мемлекеттік рәміздерге арналған "БІЗ РӘМІЗДЕРДІ ҚҰРМЕТТЕЙМІЗ!" тақырыбында тәрбие сағатын өткізіп, балаларға мемлекет рәміздерін таныстырып, тұғыры биік еліміздің айқын нышаны болып саналатын Ту, Елтаңба, Әнұранның қадір қасиетін бағалап, құрметтеу керек екенін түсіндірді.



7 сынып оқушылары арасында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жоспарланған Мемлекеттік рәміздерге арналған "Мемлекеттік Рәміздер- ұлт мақтанышы" атты интеллектуалды ойын өтті.



ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жоспарланған Мемлекеттік рәміздерге арналған жұмыс жоспарына сәйкес "Мемлекеттік рәміздер- тәуелсіздігіміздің нышаны!" тақырыбында 2 сынып оқушылары арасында диктант жұмыстары алынды.



Оқушылардың бойына адами құндылықтарды сіңіріп, мейірімділікке тәрбиелеу.


Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің "Комек" волонтерлар клубының жұмыс жоспарына сәйкес "Мен әлемді сүйемін" тақырыбында мектебімізде білім алып жатқан ерекше балалармен өткізген ерекше бір күн.




"MAXIMUM" дебат клубының жоспарына сәйкес клуб мүшелерімен "Жеке тұлғаның бойында рухани қасиеттерді дамыту" тақырыбында кездесу өтті. Кездесу барысында "MAXIMUM" дебат клубының президенті Муттахайқызы Ақсая өз еліне адал, халқын қастерлейтін, білімді, саналы, рухани құндылықтарды бойына толық қалыптастырған қоғамда өз орнын таба білетіндей бағыт бағдар беруде бүгінгі тақырыптың өзектілігін айтты.



4 «А» сыныбында жылдық жоспарға сәйкес «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында тәрбие сағаты өтіп, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Б.А. Жанабергенова жадынама таратты.



Жоспар бойынша мектебіміздің педагог – психологы Бақытгүл Әбілханқызынан тәлім алушы, дипломалды (әдістемелік) тәжірибеден өтуші Жұбатқан Гүлдағдат 9 «Ә» сынып оқушыларымен «Мен және менің құқығым» тақырыбында тренинг жүргізді.



5-7 сыныптар арасында дерматомикоз ауруының алдын алу үшін иесіз мысық және иттермен ойнамау, басқа адамның бас киімін және заттарын пайдаланбау, жеке бас гигиенаны дезинфекциялық талаптарды қатаң сақтау туралы оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тәрбие сағаттары өтті.



Мектеп психологтарының жоспарына сәйкес Алғыс айту күніне орай "Шын жүректен мың алғыс" тақырыбында қамқоршылықтағы және ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен және класс жетекшілерімен онлайн кездесу өтті. Кездесуде ата-аналарға алғыс айту видеоролигі көрсетіліп, "Аялы алақан" жаттығуы жүргізілді. Бала тәрбиесінде асқан шыдамдылық, байсалдылық, парасаттылық танытып жүргендері үшін алғыс айтылды. Кездесуді өткізген мектеп психологтары: Дабылова Б. А. Туребекова Г. К.



ZOOM платформасы арқылы, 10 сынып оқушыларына сынып жетекшісі Такеева Г.Т "Құқықтық тәрбие дегеніміз не?" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты барысында оқушыларға мектептің ішкі тәртіп ережесі, көшеде және қоғамдық орындарда жүру тәртібі таныстырылды. Себебі қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелерінің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың көбеюі. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін балаларымыздың бойында дұрыс құқықтық тәрбие мен құқықтық білім беруіміз керек. Құқықтық тәрбие дегеніміз не? А. С. Макаренконың: «анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпағанымыз жөн болар. Құқық пен тәрбиенің өзара байланысты әрекеті негізінен жанама түрде тәрбиеге араласқан ата-аналар мен ұстаздар арқылы іске асырылады. Құқықтық тәрбиені жүзеге асыруда қойылатын талаптар қандай? — Әрине бұл Заңдарды білу Бала мен ата-ананың құқықтары мен міндеттері белгіленген заңдар – осы құжаттар бойынша тәрбие сағатында слайдтар көрсетіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



АҚТӨБЕ өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен "Ризашылық- мейірім бұлағы" атты жалпыұлттық мәдени жоба аясында 'ШЫН ЖҮРЕКТЕН МЫҢ АЛҒЫС' челленджін бастады. Мектебіміздің 4- сынып оқушылары мектеп қызметкерлеріне алғыстарын айтып, лебіздерін білдірді.



8- сынып оқушылары да өз ұстаздарына алғыстарын білдірді. "Ризашылық- мейірім бұлағы" атты жалпыұлттық мәдени жоба аясында ұйымдастырылған " ШЫН ЖҮРЕКТЕН МЫҢ АЛҒЫС" челленджін Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің 7- сынып оқушылары жалғастырып, ата-аналарына деген жүрекжарды тілектерін жолдап, алғыстарын жеткізді.



ШЕКСІЗ



ЕҢБЕГІҢІЗ




ҮШІН




"Ризашылық- мейірім бұлағы" атты жалпыұлттық мәдени жоба аясында 'ШЫН ЖҮРЕКТЕН МЫҢ АЛҒЫС' челленджін Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің биылғы түлектері жалғастырып, 11 жыл білім берген ұстаздарына "ШЕКСІЗ ЕҢБЕГІҢІЗ ҮШІН" - деп өз ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын жаудырды.



2021 жылдың 1 наурызында Т.Жүргенов атындағы ЖББМ-де «MAXIMUM» дебат клубының жылдық жоспарына сәйкес «Бұл палата роботтар адамдардың өмір сүру сапасын арттырады» тақырыбында мектепшілік дебат өткізілді. Дебатқа «MAXIMUM» дебат клубының құрамындағы оқушылар қатысты. Оқушылар құндылық форматында, қысқа уатқытқа ойнап, жақсы ойын көрсетті. Үкімет тарапынан Ергенқызы Жаннұр, Ахметұлы Наурызбай және оппозиция тарапынан Әкімжанова Азиза, Санұзаққызы Қаламқас қарар тақырыбын ашып, өз ой-пікірлерін дәлелдеп шықты. Төреші Мұттахайқызы Ақсаия жоғары деңгейде төрешілік жасады.



1 Наурыз - Алғыс айту күні - қазақстандық патриотизмнің, бірлік пен достықтың жарқын мерекесі. Жас ұрпақты мейірімділікке, отансүйгіштікке тәрбиелейтін ерекше мереке қарсаңында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-де "АЛҒЫС АЙТУ- АСЫЛ ҚАСИЕТ" тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өтті. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-де Алғыс айту күні қарсаңында ұйымдастырылған "РИЗАШЫЛЫҚ- МЕЙІРІМДІЛІК БҰЛАҒЫ" атты апталық аясында "Мейірімділік- асыл қасиет" тақырыбында өткен іс - шара барысында жетім, қамқорлықтағы, көп балалы отбасы балаларына мейірімділік танытып, жылылық сыйлау мақсатында сыйлықтар сыйға тартылып, қолдау көрсетілді.



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде "BOOKCROSSING" кітап сөресі жасақталды. Барлық ниет білдірушілерді мектепшілік шараға шақырамыз!



Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт" жобасы аясында "Кітапханаға кітап сыйла" акциясына өз үлестеріңізді қосуға шақырамыз. Кітапхана сіздің сыйлаған кітабыңызды үлкен ризашылықпен қабылдайды



"Адал ұрпақ" жоспарына сәйкес 1"Б" сыныбында " Адалдық- асыл қасиет" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Шалжанова А.



"Адал ұрпақ" клубының жылдық жоспарына сәйкес ,наурыз айының 4 күні "Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі" тақырыбында 3"А", "Ә", "Б", "В" кластар арасында сурет байқауы өтті.



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің 3"А" сыныбында "Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшісі: М.Б.Бурамбаева .




" Ана деген тіршіліктің тірегі" атты 8 наурыз мерекесіне " Шаңырақ " қауымдастығы болып құрылған 2 " А" , 5" Ә" , 8 "А" сынып оқушыларының аналарға , жалпы нәзік жандыларға арнаған мерекелік шашуы.




"Құқық бұзушылықтың алдын алу - басты міндет" тақырыбында жылдық жоспарға сәйкес мектебімізде 2021 жылдың 5 наурыз күні 7 "Б" сыныбынның қыздары арасында қоғамдағы келеңсіз жайттардан сақтану, Азаматтық Кодекс туралы түсінік қалыптастыру, ішкі тәртіп талаптарын орындау мәселелері шеңберінде онлайн кездесу тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшісі: З.А.Серимова


Құқықтық тәрбие дегеніміз – бұл- құқықтық білім беру – адамның құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында орындатылған құқықтық тәрбиенің негізгі ықпал етуші әдісі. Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықты ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықты ұғынумен қоса, тұлғаны заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру- құқықтық сананың негізгі белгілері. Аталынған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу негізінде отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады. Есейген адамға қарағанда санасы мен мінез- құрқы жаңадан қалыптаса бастаған жасөспірім тәрбиенің қолайлы объектісі болып табылады



15 наурыз – Дүниежүзілік тұтынушылардың құқығын қорғау күні. ☑️ Осыған орай " Сіз тұтынушы ретінде өз құқығыңды білесің бе?" атты аудан тұрғындарымен сұхбат жүргізілді. 📝🎥 Сұхбат алушы: Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- нің 8 сынып оқушылары: Бекет Жансая . Ошақбай Аружан.



"Ата-анамның жұмысындағы бір күн" әлеуметтік жобасы аясында 7"Ә" сынып оқушысы Авангарова Диана анасының жұмыс орнында бір күндік тәжірибеден өтті. Диана мамандық таңдауға бағыт- бағдар алғанын, ата- ананың еңбегі ұшан - теңіз ,оны бағалау керек екенін ұққанын, мамандыққа деген құрметтінің арытқанын жеткізді.



Құқық бұзушылықтың алдын алу жылдық жоспарына сәйкес наурыз айының 11 күні 6"А" сыныбында "ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ- ЗАМАН ТАЛАБЫ " тақырыбында онлайн танымдық сабақ өтті. Сынып жетекшісі: Б.Т.Садуова .



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де наурыз айының 12- сі күні "АМАЛ КЕЛДІ-ЖЫЛ КЕЛДІ" атты ұстаздар арасында КӨРІСУ күні аталып өтті. Ұстаздар бір-біріне жылы лебіздерін арнап, отбастарына құт- береке тілеп, мерекеге арналған дастарханнан дәм ауыз тиеді.



Т.ЖҮРГЕНОВ атындағы ЖОББМ- нің 1 қабатында өз-өзіне қызмет көрсету жүйесіне негізделген «Адалдық дүкені» ашылды. Мұнда ұстаздар мен оқушылар өздеріне қажетті тауарларды алып, алынған тауардың ақшасын кассалық жәшікке қалдырады. Жобаның мақсаты - оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сананы мен мәдениетті дамыту, сонымен қатар ішкі парасаттылықты, адалдықты тәрбиелеу және бір-бірімізге деген сенімді қалыптастыру.



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 жылдығы аясында " БІЗ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ЖАСТАРЫМЫЗ" тақырыбында мектепаралық пікірсайыс ойынында мектебіміздің "MAXIMUM " дебат клубының ойыншылары Санұзаққызы Қаламқас пен Әкімжанова Әзиза I ОРЫН иеленді және Әкімжанова Әзиза "Үздік оратор" атағын алды. ЖЕҢІСТЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!!! Жетекшісі: Ж.К.Ешимбетов.




"БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес "ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП " тақырыбында қазақы бай дастарханды, ұлттық тағамдарымыздың адам ағзасына тигізер пайдасын, ата-бабаларымыздың ас дайындаудағы шеберліктерін насихаттау және қазақтың ұлттық асханасының ерекшелігін дәріптеу мақсатында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің оқушыларының ата- анасымен бірігіп жасаған ас мәзірін назарларыңызға ұсынамыз. "ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМЫ", "БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес "ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП " тақырыбында қазақы бай дастарханды, ұлттық тағамдарымыздың адам ағзасына тигізер пайдасын, ата-бабаларымыздың ас дайындаудағы шеберліктерін насихаттау және қазақтың ұлттық асханасының ерекшелігін дәріптеу мақсатында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің оқушыларының ата- анасымен бірігіп жасаған ас мәзірін назарларыңызға ұсынамыз. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де Наурыз мерекесіне орай оқушылар арасында "Отбасымның сүйікті ұлттық тағамы" тақырыбында онлайн бейнеролик түсірілді. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де Наурыз мерекесіне орай оқушылар арасында "Отбасымның сүйікті ұлттық тағамы" тақырыбында онлайн бейнеролик түсірілді. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де Наурыз

мерекесіне орай оқушылар арасында "Отбасымның сүйікті ұлттық тағамы" тақырыбында онлайн бейнеролик түсірілді. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де Наурыз мерекесіне орай оқушылар арасында "Отбасымның сүйікті ұлттық тағамы" тақырыбында онлайн бейнеролик түсірілді. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де Наурыз мерекесіне орай оқушылар арасында "Отбасымның сүйікті ұлттық тағамы" тақырыбында онлайн бейнеролик түсірілді. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де Наурыз мерекесіне орай оқушылар арасында "Отбасымның сүйікті ұлттық тағамы" тақырыбында онлайн бейнеролик түсірілді. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де Наурыз мерекесіне орай оқушылар арасында "Отбасымның сүйікті ұлттық тағамы" тақырыбында онлайн бейнеролик түсірілді. "БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес "ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП " тақырыбында қазақы бай дастарханды, ұлттық тағамдарымыздың адам ағзасына тигізер пайдасын, ата-бабаларымыздың ас дайындаудағы шеберліктерін насихаттау және қазақтың ұлттық асханасының ерекшелігін дәріптеу мақсатында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің оқушыларының ата- анасымен бірігіп жасаған ас мәзірін назарларыңызға ұсынамыз.



Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған " Мен Жамбылды оқимын " атты жыр керуеніне Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 7 "А" сынып оқушысы Базарбай Шамшынахар "Зілді бұйрық " өлеңімен атсалысуда . Пән мұғалімі: Шайхина Алтын Жамиовна. Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған " Мен Жамбылды оқимын " атты жыр керуеніне Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 8 "Ә" сынып оқушысы Бекет Жансая "Өсиет " өлеңімен атсалысуда . Пән мұғалімі: Жанабергенова Багдагул Акимжанқызы. Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған " Мен Жамбылды оқимын " атты жыр керуеніне Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 7 "Ә" сынып оқушысы Ерболұлы Мұхамбет "Халық қазынасы " өлеңімен атсалысуда . Пән мұғалімі: Садуова Бекзат Тасболатовна. Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған " Мен Жамбылды оқимын " атты жыр керуеніне Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 6 сынып оқушылары Ошақбай Қарақат "Ленинградтық өренім " өлеңімен және Асылбекқызы Шынасыл " Мұғалімдерге сәлем" өлеңімен атсалысуда . Пән мұғалімі: Садуова Бекзат Тасболатовна . Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған " Мен Жамбылды оқимын " атты жыр керуеніне Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 8 "Ә" сынып оқушысы Ошақбай Аружан " Асқан бұлбұл " өлеңімен атсалысуда . Пән мұғалімі: Жанабергенова Багдагул Акимжанқызы.



"БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес "ДӘСТҮР МЕН ҒҰРЫП " тақырыбында қазақы бай дастарханды, ұлттық тағамдарымыздың адам ағзасына тигізер пайдасын, ата-бабаларымыздың ас дайындаудағы шеберліктерін насихаттау және қазақтың ұлттық асханасының ерекшелігін дәріптеу мақсатында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің оқушыларының ата- анасымен бірігіп жасаған ас мәзірін назарларыңызға ұсынамыз. "БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес "ТАРИХҚА ТАҒЫМ КҮНІНЕ " көрнекті қоғам қайраткері Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың -155 жылдығына орай Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің тарих пәнінің мұғалімі Н.Қ.Аязбаева 11 сынып оқушыларына "ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ - ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ" тақырыбында тарихи танымдық сабақ өткізді.



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 7 сынып оқушылары арасында ЧЕРНОБЫЛЬ АЭС-гі апатқа 35 жыл толуына орай "Чернобыль балалардың көзімен" сурет көрмесі өтті.



"Алтын қазына" көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының көрмесі қыздар технология пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өтті.



Наурыз мерекесіне орай жоспарланған "ИГІ ІСТЕР КҮНІНЕ" мектебіміздің "Көмек" волонтерлар тобының мүшелері зейнеткер ұстазымыздың үйіне барып, ауласын қардан тазалап берді.



Наурыз мерекесіне орай жоспарланған "Шежіре күніне" мектебіміздің әкелер клубының мүшесі Елеусізов Қарасай ақсақал немересі Қарасай Әрсенмен аудандық музейге барып отбасының, ел-жұрттың, жеті атаның тарихын айтып, сыр шертісіп келді.



Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінде Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған □❁□"ҚОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ!" □❁□атты 9" Б" сыныбында ашық тәрбие сағаты өтті.Тәрбие сағаты барысында ұлттық тағамдардың жасалу жолдары таныстырылып, ұлттық ойындар ойнатылды.Оқушылар әсем ән шырқап, көңілді күйлер тартып мерекенің көркін қыздырды. Сынып жетекшісі: А.Д.Бақтыбаева

"Қош келдің, Наурыз!"



Тарихи тамыры тереңге бойлаған өз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. □Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке. ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ МЕРЕКЕСІ БАРШАҢЫЗҒА ҚҰТТЫ БОЛСЫН!!! Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- інің мектеп алды даярлық сыныбының мұғалімі Ақдаулетова Айна Жонысқызы Наурыз мерекесі қарсаңында "Армысың, өз Наурыз!" тақырыбында танымдық сабақ жүргізіп, бүлдіршіндерді қазақтың әдет-ғұрыпы, салт - дәстүрлерімен таныстырды.





Көктем мезгілінің айтулы мерекелерінің бірі, жылдың басы Ұлыстың Ұлы күні - 22 наурызда туыстар мен достар бір-біріне қонаққа барып, тілек айтып, дастарханнан дәм татып, сыйлық жасайды.

❁Немересінің әжесіне сыйы -ақ орамал. ❁



❁Орамал – қазақ танымындағы киелі ұғым. Ақ жаулықты әжелереміз, ақ орамал таққан жеңгелеріміз әрдайым қазақтың бетке ұстар айнасы болған.



"Қазақстан балалары- көктем шақырады!" көктемгі каникул кезінде балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мақсатында жоспарға сай Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- інде "Шымырлық пен шеберлік " күніне орай салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жоғары сыныптар арасында футбол жарысы өтті. Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інде " Қазақстан балалары- көктем шақырады!" тақырыбындағы каникул жоспарына сәйкес " Оқу және жазу мәдениетінің күні" 8 сынып оқушыларына пән мұғалімі " Эссе қалай жазылады?" тақырыбында онлайн- жазу сауаттылығы сағатын өткізді. Мақсаты: □Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыта отырып, жазу мәдениетін қалыптастыру;



Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында Біртұтас ұлт болу үшін қоғамдық сананы жаңғырту, ол үшін халық санасына жалпыұлттық құндылықтарды тереңдету қажеттігін көрсеткен болатын. "Қазақстан балалары- көктем шақырады!" көктемгі каникул кезінде, оқушылардың демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында, рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша география пәнінің мұғалімі Н.М.Ермаханова 7 сынып оқушыларымен " Қазақстанның киелі жерлері" тақырыбында географиялық шолу сағатын өткізді.




Қазақ елінің тарихындағы тұңғыш кәсіпқой палуан Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдығына орай Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 9-11 сынып оқушылары арасында қазақтың ұлттық дәстүрлі ойыны Тоғызқұмалақтан жарыс өтті.



Өнер – әсемдіктің ең жоғарғы түрі, өйткені ол табиғаттың әсемдігін де, адам еңбегімен жасалған заттардың әсемдігін де, сол адамның ұлылығы мен сұлулығын да, оның ой-арманын да өз бойына жинақтап, жан-жақты бейнелей алады. Қолөнер – өресі биік, өрісі кең өнер. "БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ " бағдарламасының жұмыс жоспарына сәйкес «Қазақтың ұлттық бұйымдары» тақырыбында технология пәнінің мұғалімдері және үйірме жетекшілерінің оқушылармен бірігіп дайындаған қолөнер бұйымдары "РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ" бұрышына толықтырылды.




Қажымұқан Мұңайтпасұлының -150 жылдығына арналған 6 "Б" класында онлайн форматта тәрбие сағаты өтті. Класс жетекшісі: Уразбекова Фариза



"Адал ұрпақ" еріктілер клубының жылдық жоспарына сәйкес клуб мүшелерінің әзірлеген "Жемқорлықсыз өмір" тақырыбындағы бейнероликті назарларыңызға ұсынамыз!



Облыстық білім бөлімінің 2021жыл 06 сәуір күнгі 1-18-4/566-И хатын негізге ала отырып, 2020-2021 оқу жылында мектеп оқушыларынан «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту мақсатында мектеп парламенті ұйымдастырылып, мүшелері тағайындалды.



Тәрбие ісі орынбасары:

Н.Б. Құдайбергенов